

“АҚМОЛА ОБЛЫСЫ БІЛІМ
БАСҚАРМАСЫНЫҢ
АТБАСАР АУДАНЫ БОЙЫНША
БІЛІМ БӨЛІМІ БАСТАУ
АУЫЛЫНЫҢ №2 ЖАЛПЫ ОРТА
БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕБІ” КММ



КТУ “ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ
ШКОЛА №2 СЕЛА БАСТАУ
ОТДЕЛА ОБРАЗОВАНИЯ
ПО АТБАСАРСКОМУ РАЙОНУ
УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ
АКМОЛИНСКОЙ ОБЛАСТИ”

БҰЙРЫҚТЫҢ КӨШІРМЕСІ

Ақшалай қаражат

«02 » қыркүйек 2025ж. №101/1

жинауға тыйым салу туралы

«Атбасар ауданы бойынша білім бөлімі» ММ 2025 жылдың 2 қыркүйек

«Ақшалай және өзге де қаражатты жинауға тыйым салу туралы» № 02-03/526-1 бұйрығына, «Ақмола облысының білім басқармасы» ММ-нің «Ақөша және өзге де қаражатты жинауға тыйым салу туралы» 17.09.2024 жылғы №357 бұйрығы, Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы» Заңдары негізінде, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2020 жылғы 11 мамырдағы №190 бұйрығымен бекітілген, Педагогикалықэтика қағидаларына сәйке. Атбасар ауданының мемлекеттік білім берет ұйымдарының мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік білім беру, білім беру ұйымдарының қызметіндегі сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл бөлігінде нормаларды орындау мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту, орта білім берудің Қазақстан Республикасындағы бастауыш, жалпы негізгі , жалпы орта білім алуды қамтамасыз етсін;
2. педагогтердің білім беру процесіне қатысушылардан жөндеу жұмыстарын жүргізуге және әртүрлі іс-шараларды ұйымдастыруға қаржы және өзге де қаражат жинау фактілерін болдырмау жөнінде шаралар қолдануға;
3. Сынып жетекшілерін, тәрбиешілерді білім алушылар мен тәрбиеленушілердің ата-аналарынан ақшалай қаражат жинау жұмысына жұмылдыруға үзілді кесілді тиым салынсын, сонымен қатар білім беру ұйымының түрлі қажеттіліктер үшін әкімшіліктен, мұғалімдер мен оқушылардан ақшалай қаражат жинауға жол бермесін.

4. білім беру процесіне қатысушылардан педагогтердің қаржы және өзге де қаражатты жинау фактілері анықталған жағдайда оларды тәртіптік жауапкершілікке тарту туралы шешім қабылдай отырып, педагогикалық әдеп жөніндегі кеңесте қарау қажет.

5. Мектеп сайтына, сенім телефонына келіп түскен өтініштер мен басқа да өтініштердің барлықтүрлері уақытылы зерделеніп, олар бойынша нақты шешімдер қабылдансын.

6. Осы бұйрықтың мүлтіксіз орындалуы қамтамасыз етілсін және қол қойылған күннен бастап қолданысқа енгізілсін.

7. Осы бұйрықтың орындалуын өзіме қалдырамын.



Мектеп директорының м.а.

Харахыз Б.